



Автор: Ахметова Айгуль Кайратовна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

Тақырып: Пайдалы өсімдіктер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну; 4.4.5.2 сөздерге қосымша жалғау кезінде үндестік заңын сақтау.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: өсімдіктер туралы мәліметтермен, реттік сан есімнің жұрнақтарымен танысады. Көбі: берілген ақпараттарды өз тіліммен жеткізуге, ауызша және жазбаша реттік сан есімнің жұрнақтарын қолдануға тырысады. Кейбірі: берілген ақпараты толық жеткізеді, реттік сан есімнің жұрнақтарын орынды қолданады
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: сексеуіл, қоға, жусан, алабота. Әңгімелеу мен жазу үшін пайдалы сөздер мен сөз тіркестер.
Күтілетін нәтиже:	Барлығы: өсімдіктер туралы мәліметтермен, реттік сан есімнің жұрнақтарымен танысады. Көбі: берілген ақпараттарды өз тіліммен жеткізуге, ауызша және жазбаша реттік сан есімнің жұрнақтарын қолдануға тырысады. Кейбірі: берілген ақпараты толық жеткізеді, реттік сан есімнің жұрнақтарын орынды қолданады ттт
Бағалау критерийлері:	Жаңа сөздердің, мәтіннің мағынасын түсінеді, сөйлемдерді ауызша айта алады; сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	өсімдіктердің пайдасын танып қолдану білу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	дүниетану
Бастапқы білім:	Емен ағашы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	1. Сәлемдесу. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Оқушылар сәлемдеседі: Армысын, алтын күн! Армысын, алтын аспан! Армысыңдар, достарым! Сендерді көрсем қуанам! 2. Үй жұмысын тексеру а) қайталау; ә) өз бетінше орындау; б) Өзара тексеру, критерий мен дескриптор ақылы бағалау.	слайд-1,2,3 -үй жұмысының карточкасы

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	1. Жаңа ақпаратты тыңдау. - Балалар, бүгін сендердің сыныптастарын сендерге өсімдіктер туралы мәлімет жасап келді. Мұқият тыңдайық. Оқушылар өз суреттеріменшығады. 1-оқушы. Түймедақ — өте пайдалы өсімдік. Себебі оның гүлінде адам ағзасына оң әсерін беретін эфир майы бар. 2-оқушы. Қалақай тағам ретінде және медицинада пайдаланылады. 3-оқушы. Шырша қылқан жапырықты ағаштарға жатады. Иісі керемет, түрлі микробтар мен вирустарды жоятын қасиеті бар. 4-оқушы. Пияз суды жақсы тазалайды. Ыдыстағы суға оның бір түйірін салып жіберсе, судың жаман дәмін алады. 2. Тақырыпты ашу - Балалар, қалай ойлайсыңдар өсімдіктер адамға көмектесе ме? - Ия, көмектеседі. - Қалай көмектеседі? - Ағаштан от жағады, үй салады, жиһаз жасайды, шөптерден дәрі жасайды, гүлдерді сыйлайды. - Жақсы, жарайсыңдар! - Осындай өсімдіктер адамдарға пайда әкеледі. - Балалар, қалай ойлайсыңдар сабақтың тақырыбы қандай болады? - Сабақтың тақырыбы: Пайдалы өсімдіктер - Дұрыс, рақмет! - Сабақтың мақсаттарымен танысайық (слайдтардан бір-бірден оқиды). 3. Жаңа сөздермен жұмыс а) Оқу, қайталау ә) Сөз тіркесін, сөйлем құрастыру 4. Реттік сан есіммен таныстыру - Балалар, біз қандай сан есімнің мағыналық түрлерін білеміз? - Жинақтық сан есім, болжалдық сан есім. - Бүгін сабақта реттік сан есіммен танысамыз. Реттік сан есім -ншы, -нші, -ыншы, -інші жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы: алты-алты+ншы, елу жеті+нші, он бес – бес+інші, тоғыз – тоғыз+ыншы. (оқушылар мысалдарын келтіреді) Топтық жұмыс I. «Пазл» ойыны Критерий: өсімдіктердің суреттерін ажырату. Дескриптор: берілген уақытта әр топ 3 суретті жинайды, суретте бейнеленгенін айтады. 1-топ «Түймедақ» Сексеуіл, қоға, түймедақ. 2-топ «Қалақай» Жусан, алабота, қалақай. II. «Тілші мен хатшы» ойыны. Критерий: 3 минуттың ішінде екі өсімдік туралы тілші хатшыға мәліметті жеткізеді, хатшы жазып оқиды. Дескриптор: сөйлемдерді толық жазады. 1-топ «Түймедақ» Сексеуіл мен қоға 2-топ «Қалақай» Жусан мен алабота Өзара тексеру: Топтар бір-бірін тексеріп, дұрыс жауапқа жасыл стикер жабыстырады, ал қатемен жазылған сары, тіпті дұрыс емес болса қызыл стикер жапстырады. Жауап: 1-топ «Түймедақ» Сексеуіл – құмды шөлдің қорғаны. Бұтақтары түйе мен қойға – азық. Отқа да пайдаланады. Қоға тұрмыста көп қолданады. Одан арқан, жіп тоқиды. Мықты қоржын жасайды. 2-топ «Қалақай» Жусанмен адамды емдейді. Іш ауыруын жеңілтеді. Оның иісі ауаны тазартады. Алабота өзен жағасында өседі.Оны күзде жинап алады. Сабын да жасайды. III. Тыңдалым. Критерий: Мәтінді 2 рет мұқият тыңдап тасырмаларды орындайды. Дескриптор: 1) 2 сұраққа жаупты белгілейді; 2) мәтіндегі өсімдіктердің атауын ретімен жабыстырады, өсімдік пен оның пайдасын жабыстырып, анықтайды. 1. Мәтін кім туралы? А. Патша Ә. Қария Б. Уәзір 2. Мәтінде қандай өсімдіктер туралы айтылған? А. зиян Ә. пайдалы Б. Ешқандай 3. Сәйкестендір. Бірінші ЖусанОдан сабын дәрі жасаймын.Екінші СексеуілМен бұл өсімдіктен арқан, жіп есемін, ыдыс тоқимын.Үшінші Алабота Оны жақсам,	Слайд-4 Слайд -5 Слайд-6 Слайд-7 Слайд-8 Слайд -9 Слайд-10 Слайд -11 Пазл қиықтары 6 дана (түймедақ, сексеуіл, қоға, жусан, алабота, қалақай) Слайд – 12 Стикерлер (қызыл, сары, жасыл) Слайд-13

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 минут)	- Балалар, сабақтың тақырыбы қандай болды? - Сабақтың тақырыбы: Пайдалы өсімдіктер. - Сабақта қандай жаңа ақпарат алдыңдар? Не үйрендіңдер? - Сексеуіл, алабота, түймедақ, қалақай, қоға, жусан туралы ақпарат алдық. Реттік сан - Сабақ ұнады ма? - Иә, ұнады. Үй жұмысы сөздерді ауызша, жазбаша жаттау, ережені жаттау. Мәтінді оқу, 3 сұрақ құрастырып жаттау.	
Рефлексия (1 минут)	- Балалар, мынау не? - Кемпірқосақ астына тамшыларды ілейік. Сабақта бәрін түсіндім күлімсірген тамшы, түсінгенім жартылай – түрі ойланып тұрған тамшы, ештеңі түсінбедім - мұңайып тұрған тамшы.	